

5. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том.-Алматы: Алаш, 2003. -360 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы.-Алматы: Қайнар, Т.2. 1999. -520 б.
7. Мұстафа Шоқай. Түркістан және кеңес режимі. //Қазақ тарихы, №3. 2011. 17-21 бб.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚТЫ ҚЫРҒАН “ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН” ҚАСІРЕТІ

Ж. ОРАМАХ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада КСРО-да және Қазақстанда қуғын-сүргін жылдарындағы жағдай, жазықсыз ұсталған және жазаланған зиялы азаматтар туралы деректер, сонымен қатар қуғын-сүргін көрген актөбеліктер туралы да мәліметтер молынан берілген.

Түйін сөздер: қуғын-сүргін, ату жазасы, «халық жауы», «сатқын», «тыңшы» т.б.

Аннотация. В докладе рассказывается политическое положение в Казахстане в годы репрессии. Проводятся многочисленные примеры аресты обвинив «врагами народа» казахских интеллигентов, простых людей в частности актыбинцев.

Ключевые слова: расстрел, «врага народа», предатель, агент и другие.

Annotation. The report describes the political situation in Kazakhstan during the year of repression. Numerous arrests are being made accusing Kazakh intellectuals, ordinary people including Aktobe residents of being «enemies of the nation»

Key words: repression, fusillade, enemies of the nation, traitor, agent and others.

Қазан революциясына дейінде, кезінде де Ленин мен оның саяси қарсыластары арасында кейінде елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық даму жолдары мен социализмнің ірге тасын нығайту мәселелері жөнінде әртүрлі пікірлер мен айтыс –тартыстардың болғаны тарихтан белгілі. Солай болсада, Ленин саяси қарсыластарын қуғын сүргінге ұшыратқан жоқ, жазалаған да жоқ.

Сталин билікке келген кез, әрине әлеуметтік-экономикалық, саяси дамудың айтарлықтай қиыншылықтары болды. Аграрлы экономикасы жағдайында үкімет құрылымдарын құру, өнеркәсібі дамымаған жағдайда индустриализация саясатын, шаруаларды ұжымдастыру, әлеуметтік-мәдени құбылыстарды іске асыру оңайға түскен жоқ.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің нығая түсуімен байланысты осы шаралардың бастамасы болған «Алаш» партиясы мен үкіметінің жұмыстарына қатысқандарды, сондай-ақ республиканың саяси-әлеуметтік және экономикалық даму мәселелері бойынша өзіндік

көзқарастары бар мемлекет қайраткерлерін қудалау күшейе түсті. Әсіресе, 1925 жылы Ф. Голощекиннің (қазақтар оны «кужақ» деп атады) Қазақстанға билік басына келуімен байланысты қудалау ерекше қатаң сипат алды. 1927-1929 жылдары әртүрлі сылтаулармен Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, М.Мырзағалиев, Ж.Сұлтанбеков және тағы басқалар қызметтерінен босатылып, республикадан шеттетілді. 1928 жылдың соңында «буржуазияшыл ұлтшылдар» деген жалған айыппен бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің 44 адамы қамауға алынып, 1930 жылы қыркүйек айында олардың екінші толқыны тұтқындалды. Партия қатарында бірнеше қайтара тазалау жүзеге асырылды.

Осындай жағдайда 1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданып, онда: «ұжымдастыру қарсаңында кулактар соңғы қанаушы тап ретінде жойылды» деп әлемге жариялағанмен, азаматтардың демократиялық еркіндік пен құқықтарын мойындағанымен, іс жүзінде бұл ережелер өрескел бұрмаланды. Конституциядағы қанаушы тап жойылды дегенге қарамастан Сталин 1937 ақпан-наурыз пленумында жасаған баяндамасында: «социализм құру неғұрлым тереңдеген сайын тап күресі күшейе түседі» деген тезисінен кейін елде қуғын-сүргін кең етек алды. Қанаушы топ жойылса тап күресі қайдан шықты?

Бұл шын мәнінде ұлттардың қаймағы бетіне шыққан арыстарын қуғын-сүргінге ұшыратып, көзін құрту саясатын ұстануға жол ашып берді. Осы саясатты іске асыру үшін 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында сталинизмнің идеологиялық аппараты халықтардың тарихи санасын, ұлттық интеллигенцияны жоюға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асыра бастады.

Қоғамда әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі енді және авторы әрине, Сталин. Сөйтіп, оның жеке басына табынушылық басталды. Бұл бөлек әңгіме.

Конституция бойынша барлық азаматтардың құқықтары бірдей дегенмен Қауіпсіздік комитеті мен комиссариаты құрығына ілінген Одақ адамдардың жазасыз құтылғаны жоқтың қасы. Олардың бірнеше мыңы «халық жауы» ретінде атылды. Қазақстанда да 1937-1938 жылдары көрнекті мемлекет және қоғам, ғылым мен мәдениет қайраткерлері кінәсіз жазалаудың құрбаны болды. Тек, 1937 жылда ғана Қазақстан бойынша 100 мыңнан астам адам тұтқындалып, оның 22мыңы атылып кетті [1].

Көптеген қазақтың зиялы, парасатты адамдары тоталитаризмнің құрбаны болды. 1938 жылдың ақпан-наурыз айларының 15 күн ішінде ғана -631адам атылды [2]. Осылайша қазақ зиялыларының қаймағы жойылды. Олардың отбасындағы әйелі мен балаларына дейін қудаланып, туған жерлерінен аластатылды.

Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметовтың дерегі бойынша қуғын-сүргін кезінде құрбан болған қазақтың санын 25 мыңға жеткізеді. Қарандаршы, дәл осы кезде Тәжікстанда-1тәжік, Өзбекстанда-7өзбек, Қырғызстанда -30 қырғыз «халық жауы» ретінде ұсталған екен [3]. Қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларға тағылған негізінен екі айып: «халық жауы» және «ұсақ буржуазияшыл ұлтшылдар».

«Халық жауы» деген атауды осыдан 1,5 ғасыр бұрын Француз журналисі Жан Поль Марат пайдаланып, кейін Генри Ибеннің, Владимир Ильич Лениннің, Максим Горькийдің ауызымен қалыптасып кетті. Көне өткен тарихта ешкім ешқашан өзінің халқына жау болған емес, нақ дұрысы – ол биліктің жауы. Рас, халқын сыйламаған, қомсынбаған бір бейбақ болды, ол: «егер мен құрыр болсам, онда неміс халқы да құрысын, ол маған лайықты болмай шықты!» - деген Гитлер.

Елімізде 953 лагер мен арнайы орындар болған. Олардың 33-і Қазақстанда («Карлаг», «Степлаг», «Алжир», «Балқашлаг» т.б. болған. Бұларда 58-баппен («халық жауы»)) сотталғандарды ғана ұстаған [4]. Олардың әлеуметтік-тұрмыс жағдайы туралы бір мақала емес кітапқада сыймайтынына байланысты бөлек әңгіме, бөлек зерттеу.

Қазақстанға Голощекиннен кейін келіп, 1934-1938 жылдары республиканы басқарған Левон Исаевич Мирзоян ашаршылықтың зардабын жою мақсатындағы істерге тікелей басшылық еткен, қуғын-сүргін кезінде қазақ зиялыларын қорғап қалуға қазақ халқының шын жанашыры ретінде көрінгенімен, қазақ зиялыларын ақтау кезінде табылған тарихи деректер керісінше дәлелдеп отыр.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас хатшысы Сталинге жолдаған бір хатында Кеңестік саясатқа қарсы жасалған әрекеттердің негізінде Қазақстан бірінші деңгей бойынша 8 мың адамды, екінші деңгей бойынша да 8 мың адамды ату жазасына кесуге рұқсат алдық. Арнайы ұйымдардың арқасында тағыда 1600 адамның китұрқы әрекетке баруға дайындалғандарын анықтадық, әшкерелдік. Сол себепті «халық жауы» ретінде бірінші деңгей бойынша 600 адамды, екінші деңгей бойынша 1 мың адамды ату жазасына кесу үшін рұқсат сұраймыз деген шифровкамен жазылған қатаң құпия хатқа сенсек Мирзоян қазақтың «Мырза-жаны» болмағанға ұқсайды. Бұл хаттың орыс тіліндегі нұсқасы «Ақтөбе» газетінде редакцияның интернет материалдары негізінде әзірленген[5]. Сталиннен қазаққа жаны ашыған адам атуға лимит сұрай ма? Демек, қазаққа да, Қазақстанға да азда болса жаны ашымаған. Оны қазақтар, Мырзажан демеген «Мырзажан» деп жүргендер, оның айналасындағы жағымпаз, жарамсақ, күнкөргіш, қуғын-сүргіннен құтылудың жолын іздеген халқын сатқан опасыздар арсыздар. Л.Мирзоян лимит арқылы 16 мың адамды атқызған. Демек, қазақты қорғаған жоқ, қорғау ойында да болмаған.

Ол қазақты қалай қорғайды? Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев «Жас алаш» газетіне қазіргі кезде жендеттерге көше атағын беру жөніндегі ойын білгісі келген сұхбатта былай деген: «Л.Мирзоянның әйелі Қазақстанда марксизм-ленинизм институтын басқарған. Басқара жүріп «халық жауы» ретінде айдалып кеткен. Сол тұста Мирзоян өзінің әйелін қорғап қала алмаған[6]. Мынандай да ой туады. Мирзоян әйелінен құтылудың бір амалы ретінде, кейбір жағымпаздарды пайдаланып, әйелін «халық жауы» етіп көрсеткен жоқ па деген.

Сталин Мирзоянды әр кезде сынап отырған: «Л.Мирзоянды қай жерге жібермеңіз, ол өзімен бірге (бұрынғы жұмыс жасаған жерінен—О.Ж.) 30-40 адамды ұдайы бірге ала жүреді. Барған жерінде бұл сұрқылтайларды ірі, жауапты, майлы қызметке қояды» деген. Қазақстанға келгенде де Армениядан, Азербайжаннан көптеген адамдарды бірге алып келіп, республикалық, облыстық, аудан-қала басшылығына тағайындаған. Осы кезде лаулап өсіп келе жатқан қазақ жастарын көзіне де ілген жоқ. Осы адамдарды мақтау, мадақтаудың бүгінгі таңда қандай қажеттігі бар деген ой туады.

1937-1938 жылдары қазақ зиялыларының қуғын—сүргінге ұшырауына атсалысқандардың бірі. Ақтөбе жерінде еңбек еткен, көп қазақтың түрін түстеп, атын атап көрсетіп берген Киселев екенін ғалым-тарихшы З.Байдосов мұрағат деректерінің негізінде дәлелдеген. Киселевтің көрсетуімен республика Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұ.Құлымбетовті, Т.Жаманмұрыновты «халық жауы» деп ұстап жазалаған. Қаламыздың қақ орталығында онында атында көше бар. Көше атауын алуларына Мирзоян мен Киселев қандай еңбек сіңірді? Мақаламызда Мирзоянның қуғын-сүргін жылдары жазықсыз азаматтарды жазалауда «Сіңірген еңбегі» туралы айтылды. Ал, Киселев туралы көп мәлімет кездеспейді, бірақ оның XX ғасырдың басында Ырғыздағы Ы.Алтынсарин ашқан екі кластық орыс-қазақ мектебін басқарғаны, кейін Ырғызда, Торғайда Кеңес өкіметін орнатуға атсалысқаны туралы З.Байдосовтың еңбектерінде кездеседі. Демек, ол өңір-аймақты жақсы білгенге ұқсайды. Осыдан кейін облыс зиялыларын айнытпай ұстап беруге көмектескен болуы керек.

Жуырда өзімнің жинаған жеке мұрағаттық материалдарымды қарап отырып журналист Мейрамгүл Раахатқызының заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды ақтауға байланысты жүргізілген жұмыстар туралы «Ақтөбе» газетінде жарияланған материалды оқып шығып, ойпырмай сол жылдары облыс азаматтарының көпшілігі контрреволюциялық насихат жүргізіп өкіметке қарсы болғанба деген ойға тірелесін. Міне қараңыз, тексерілген бір құжатта (айып тағылған құжат) 2332 адамның 2021-не айып тағылған. Олардың ішінде-996 адамға ең ауыр жаза, «контрреволюциялық ұйымдарға қатысқаны үшін»-376 адам,

«отанын сатқаны үшін»-186 адам, «зиянын тигізгені үшін»-215 адам, «тыңшылық жасағаны үшін»-123 адам сотталған. Сотталғандардың ішінде 79партия мүшесі, 8 комсомол бар.

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың жас жағынан 920-сы-40-қа толмағандар, 695-і 50-қа дейінгілер және 719- ы 50-жастан асқан азаматтар.

Осылардың әлеуметтік жағдайы бойынша: шаруалар-1212 адам, жұмысшылар-452, зиялы қауым өкілдері-182, дін өкілдері-73, кеңес қызметкерлері-72, әскери және милиция қызметкерлері-13, партия қызметкерлері-5 адам.

Ұлттық құрамы бойынша: қазақтар-1234, орыстар-459, украиндар-230, корейлер -115, немістер -59, басқа ұлт өкілдері -113 адам болған.

Ресми деректер бойынша зұлмат жылдары Ақтөбе облысы бойынша 7 мыңға жуық адам қуғын –сүргінге ұшырап, 1500-ден астамы ату жазасына кесілген «Саяси сенімсіз» деген желеумен Ақтөбе облысына қоныс аударған -3 мың орыс, 5 мың украин, 700 болгар, 6 шешен, 400 еврей, 1 поляк, 1,5 неміс және басқа ұлт өкілдері де қуғын- сүргінге ұшырады.

Ақтөбе қаласы бойынша-1340 адам, Шалқар ауданы бойынша-555, Байғанин ауданы бойынша-465, Темір ауданы бойынша-388, Ойыл ауданы бойынша-260, Ырғыз ауданы бойынша-236 адам қуғын-сүргінге ұшыраған. Облыс бойынша 1937 жылдың қазан айында Ежовтың нұсқауымен 156 «халық жауының» әйелдері, 562 балалары ұсталып түрлі лагерлерге, жазықсыз дегендерін үйлеріне жөнелтті [7].

Қуғын-сүргін жылдары ұлтпен ұлттардың, халықпен халықтардың, ағайын мен ағайындардың арасында сенімсіздік, қорқыныш тудырды. Әрине, олар жайдан- жай туындаған жоқ. Белсенділер өтірік жала жабу, айтқан сөздері теріс мағынада жоғарыға жеткізуді көп болмасада пайдаланды. 1937 жылғы желтоқсанда өткен КСРО Жоғары Кеңесінің сайлауы өтті. Менің әкемнің Тоқан есімді туған інісі болған. Сайлау күні дауыс беріп келе жатқанда дауыс беруге бара жатқан етене жақын ағайын, рулас аға жеңгесіне кездесіп қалғанда, олар: «Тоқан қайдан келе жатырсын, ертелетіп»-деген сұрағына ағамыз «Сайлау дейме, майлау дейме дауыс беріп келе жатырмын» дейді ғой. Кешке келіп сол күні ұстап алып кетеді. Сондағы таққан айыбы: «сен сайлауды майлау депсің, Иранның тыңшысын» деген айып тағылады. Ағамыз сауатсыз болған. Картадан Иранның тауып бер десе таба алмайтын, тіпті қай бағытта екенін де хабары жоқ. Сол ағамызға 1938 жылдың басында «халық жауы» деп ату жазасын берген. Бірақ, өткен ғасырдың 70-жылдарында ақталды.

Сөйтіп, 1937-1938 қуғын-сүргін жылдары «халық жауларын» әшкерлеуді сылтау жасап, ел үшін аянбай тер төккен ойлы да білімді Алаш белсенділері «қызыл қырғынның» тырнағына ілінсе, жай бұқара халықты да қуғын-сүргіннен шет қалдырмай жазықсыз

жазалады. Қуғын-сүргін елді интеллектуалдық әлеуетән әлсіретіп қоймай, адамдардың бойын үрей, қорқыныш, ертеңгі күнге сенбеу сияқты жағымсыз қылықтарды да ұялатты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. // Алтын Орда. Бас мақала. 2007, 31-мамыр-6 маусым.
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. «Раритет», Алматы, 2010.
3. Мырзахметов М. Қызыл қырғын. //Жас Алаш, 2015, 10 қараша.
4. //Алтын Орда. 2007, 11-17 мамыр.
5. Мирзоян мен Кисилев кіміміз еді? //Ақтөбе, 2014, 16 қаңтар.
6. Нұртайұлы Ә. Мырзаянның мырзалығы мен 316 мыңнан астам адам атылды. //Жас алаш, 2013, 28 қараша.
7. Рахатқызы М. Қасіретті құжаттардың құпиялары. //Ақтөбе, 2015, 28 мамыр.

ҒТАМР 02.15.61

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ “ҮШ АНЫҚ” ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Б.А. АМАНИЯЗОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,
Қазақстан*

Аннотация: Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердиевтің қоғамдық – философиялық көзқарасында көрінетін ойшылдың дүниетанымын, көзқарастық идеяларын, яғни рухани әлемді білу. Шәкәрімнің туындыларынан автордың өзіндік дүниетанымын, суреткер ретіндегі қоғамдық қызыметін, өмірлік мақсат идеясын айқын тануға болатынын негіздей түседі. «Шәкәрімнің қоғамдық-философиялық дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі дүниетанымдық көзқарастары, сан қилы өмір құбылыстары мен көріністеріне қатысты ой-сезімі, асыл армандары, көңіл-күйі, ынта-ықыласы бейнеленген, қоғамдық, әлеуметтік, философиялық, моральдық мәні бар».

Кілт сөздер: дүниетаным, рух, ұлт, мораль, өнер

Аннотация: В этой статье философские взгляды Шакарима Кудайбердиева отражают мировоззрение мыслителя, идею духовного мира, основанную на работах Шакарима, позволяющих четко определить собственное восприятие автора, общественную функцию художника, идею цели жизни. «Взгляды Шакарима на социально-философское мировоззрение, его мысли о широком спектре явлений и явлений жизни отражены в его взглядах на мировоззрение, его мыслях о многих явлениях и явлениях жизни, его мечтах, его увлечении, его увлечении, социальном, социальном, философском, это морально».

Ключевые слова: мировоззрение, дух, национальность, мораль, искусство